


## *Тақырыпты қайтала.*



*Ережені еске түсір! 59 бет*

## *«Еліктеу сөздер / Подражательные слова»*

**Еліктеу сөз** - әр түрлі дыбысқа, құбылысқа еліктеуден және олардың бейнесін елестетуден туындаған сөз. Еліктеу сөз **тұлғасына қарай**: негізгі еліктеу сөз және туынды еліктеу сөз деп бөлінеді. Еліктеу сөз **мағынасына қарай** екіге бөлінеді.





*Қазанның он тоғызы*

*Сынып жұмысы*

*Қазақстан – мұнай мекені.*



*Сұрақтарға жазбаша жауап бер.*

1. Мұнай қоры еліміздің қай бөлігінде орналасқан?  
(шығыс, оңтүстік, батыс)
2. Жыл сайын неше миллион тонна мұнай өндіріледі?  
(35 миллион, 32 миллион, 23 миллион)
3. Қазақстан жаһанда мұнай өндіруден нешінші орында?  
(17, 15, 18)
4. Алғаш мұнай бұрқағы қай жылы атқылаған?  
(1894, 1899, 1989)
5. Қазақстандағы алған мұнай өндіру өнеркәсібі қайда басталған?  
(Доссорда, Қарашұңғылда, Құлсарыда)

*Жазылым/Письмо 66 бет 8-тапсырма*

*Үзінді бойынша 3-5 сұрақ құра.*



Эпиграфқа назар аударып, сабақтың тақырыбын анықта.

*«...Ұлттық діңгегі мығым, соны қаламгерлік жолына мызғымас мұрат ете алған ғасыр реалисі – Ш.Айтматов әлемдік классиканың Әуезов өлшеміндегі өкілі»*

**Ермек ҚАНЫКЕЙҰЛЫ**, филология ғылымдарының кандидаты,  
«Әуезов үйі» ҒМО-ның қызметкері



*Қазанның он тоғызы*

*Сынып жұмысы*

*Шыңғыс Айтматов.*

*«Кассандра таңбасы» (үзінді)*







## **Шыңғыс Төрөкүлүлы Айтматов** (1928-2008)

*(12.12.1928 жылы туган, Кыргыз Республикасы Талас өңірі, Шекер ауылы - 10.06.2008 жылы) – жазушы, қоғам және мемлекет қайраткері.*

*Қырғызстанның халық жазушысы, Кыргызстан Ғылым Академиясының, Еуропа Ғылым Академиясының академигі, Социалистік Еңбек Ері.*







*Жаңа сөздермен жұмыс:*

**таңба** – знак, метка, клеймо, тавро

**дақ** – отпечаток, пятно

**құрсақ** – живот, утроба

**жасанды** – искусственный

**шарана** – младенец


**сауалнама** – анкета, опрос

**әрекет** – действие, способ, поступок

**мәжбүрлеменіз** – не заставляйте, не вынуждайте



*Сұрақтарға ауызша жауап бер.*

1. Ш.Айтматовтың өмір жылдарын ата.
  2. Ол қай жерде дүниеге келген?
  3. Ш.Айтматов кім?
  4. Жазушының қандай шығармалары бар?
- 

## *«Кассандра таңбасы» романы туралы*

1. «Кассандра таңбасы» романы алғаш рет 1994 жылы неміс тілінде жарыққа шықты (Zürich: Unionsverl., неміс тіліне аударған -Фридрих Хитцер).
2. Ал орыс тілінде 1994 жылы «Знамя» журналында жарияланды (№12, с.9-110).
3. «Кассандра таңбасы» романы – жасанды адамдар туралы.
4. Романның бас кейіпкері – ғалым **Филофей** (Андрей Крыльцов)
5. «Кассандра таңбасы» романында ғалым Филофей шарананың қарсылық белгісін ғарыштан зондаж сәулелер жіберу арқылы анықтап, оған «**Кассандра таңбасы**» деп ат береді.
6. Жасанды жолмен дүниеге бала әкелу, терроризм, расизм, т.б. ұғымдары бүгінгі күні ғаламның үлкен проблемасына айналып отыр.
7. Ш.Айтматов бұл романында «тексіздіктің қандай апат әкелетінін», «жасанды жолмен адам әкелу» оқиғасы сияқты маңызды ойды көтеріп, табиғаттың заңдылықтарын сақтау мен қорғау туралы мәселесін көтерген.
8. Жазушы «Кассандра таңбасы» романында бүгінгі күннің ғылыми-техникалық, технологиялық жетістіктерін жинақтап шебер пайдалана білген.

## *Жазылым/Письмо*

*Қосымша ақпарат бойынша диаграмманы толтыр.*



## Рефлексия

### «БІЛІМ ҚОРЖЫНЫ»

Өте жақсы  
түсіндім, мен  
үшін қызықты  
болды

Мен сабақты  
жақсы  
түсіндім

Тақырып  
бойынша  
әлі де ізденуім  
керек



**Жарайсыңдар!**

**Сабақ аяқталды!**

**Сау болыңдар!**